



"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қазан N 1495

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195,

205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; 2000 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "

Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына автокөлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 65-II ҚРЗ Заңы) мынадай толықтырулар мен өзгерістер

енгізілсін:

1. 1-баптың 1-тармағы "(актілерді қоспағанда)," деген сөздерден кейін "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан," деген сөздермен толықтырылсын.

2. 5-бапта:

б-тармақшадағы "кредиттер" деген сөзден кейін "қаржылық" деген сөзбен толықтырылсын;

19) тармақшадағы "лизинг" деген сөз "негізгі құралдардың қаржылық лизингі" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшаның г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) резидент-заңды тұлғадан түсетін дивидендтер, мұндай заңды тұлғаға қатысу үлесін сатудан түсетін өсім нысанындағы табыс;"

мынадай мазмұндағы г-1) тармақшамен толықтырылсын:

"г-1) қазақстан қор биржасының "А" ресми тізіліміндегі ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын қоспағанда, бағалы қағаздарды сату кезіндегі күн өсімінен түскен табыс;"

46) тармақтың д) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) негізгі құралдардың қаржылық лизингі;"

3. 6-бапта:

1-тармақтың үшінші абзацында:

"салық" деген сөз алынып тасталсын;

"Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстардың бюджеттеріне" деген сөздер "олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге не Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

б-тармақтағы "өзі өндірген тауарларды" деген сөздер "өзі өндірген ауылшаруашылық өнімдерін, сондай-ақ өзі өндірген ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеуден алынған өнімдерді" деген сөздермен ауыстырылсын.

4 . 1 1 - б а п т а :

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) банктік ұйымдардың құрылған мәжбүрлі шығындарының мөлшерін азайтудан

т ү с к е н

т а б ы с т а р ; " ;

14) тармақшадағы "Заңның" деген сөзден кейін "20-4-бабының 3-тармағына," деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақшадағы "138-1-бабына" деген сөздер "138-бабының 1-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын.

5 . 1 3 - б а п т а :

3) тармақшадағы "инфляцияға орай түзетулер ескеріле отырып" деген сөздер " қазақстан қор биржасының "А" ресми тізіміндегі" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан қайтарымсыз негізде алған негізгі құралдардың құны."

6 . 1 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "1 және 2-тармақтарында" деген сөздер "2-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7. 20-баптың 6-тармағының 2), 9) және 10) тармақшалары алынып тасталсын.

8. 20-2-баптың 2-тармағындағы "салық жылының басында жұмсалған тіркелген активтерді қайта бағалау сомасы, сондай-ақ осы Заңның 20-8-бабына сәйкес айқындалған бағалау сомасы" деген сөздер "тіркелген активтерді қайта бағалау сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9. 20-4-баптың 3-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Оларды үш жылдық кезең аяқтағанға дейін іске асырған жағдайда жүргізілген шегерімнің сомасы жылдық жиынтық кірісті ұлғайтуға жатады."

1 0 . 2 0 - 7 - б а п т а :

атауындағы "лизинг" деген сөз "негізгі құралдардың қаржылық лизингі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Лизингке (лизинг бойынша) және "тіркелген активтердің" деген сөздер тиісінше " Қаржылық лизингке (қаржылық лизинг бойынша)" және "негізгі құралдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "лизингке берілген тіркелген активтердің

деген сөздер "қаржылық лизингке берілген негізгі құралдардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. 20-8-бапта:

2-тармақ алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Негізгі құралдарды жете бағалау сомасына 15 процент ставка

бойынша табыс салығы салынады.

Табыс салығын төлеу жете бағалау жүргізілген айдан кейінгі айдың ішінде жүргізіледі.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жете бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдарды шегерімдерге жатқызудан салық төлеуші есепті кезеңнің ішінде шеккен зияндар салық салу мақсатында ескерілмейді."

12. 20-9-баптың 2-тармағындағы "Лизингке" деген сөз "Негізгі құралдардың қаржылық лизингіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. 27-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы баптың жоғарыда көрсетілген ережелері жете бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдардың шегерімдеріне жатқызудан салық жылы ішінде келген зияндарға қолданылмайды."

14. Мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"4-1-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу
28-1-бап. Салық салу объектісі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға және орындауға байланысты салық жылы ағымында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асырудан алынуға жататын (алынған) сақтандыру төлемдері түріндегі табыс сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына табыс салығын салу объектісі болып табылады.

2. Осы Заңда көзделген жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген салық салынатын табыс осы баптың 1-тармағында көрсетілгендерді және сақтандыру төлемдерін орналастырудан алынған (алынуға жататын) инвестициялық кірісті қоспағанда, табыстар бойынша табыс салығын салу объектісі болып табылады.

28-2-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының табыстарын есепке алу

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру төлемдерін орналастырудан инвестициялық табыстарды қоса алғанда салық салу мақсатында сақтандыру төлемдері түріндегі табыстар бойынша, сондай-ақ осы Заңның 28-1-бабының 1-тармағында көрсетілмеген қызметтен алынатын табыстар мен шығыстар бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

28-3-бап. Табыс салығының ставкалары

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының негізінде сақтандырушылардан алынуға жататын (алынған) сақтандыру төлемдерінің сомасы 10 процент ставка

бойынша осы Заңда белгіленген шегерімдерді жүзеге асырмай табыс салығын салуға ж а т а д ы .

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары алған осы Заңның 28-1-бабының 2-тармағында көрсетілген алынған (алуға жататын) табыстар осы Заңның 30-бабының 1-тармағында көрсетілген ставка бойынша табыс салығын салуға жатады.

28-4-бап. Табыс салығын төлеудің мерзімі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары салық жылының ішіндегі сақтандыру төлемдерінің алуға ұйғарылып отырған (алынған) сомасының 1/12 ескере отырып, ағымдағы айдың 20-күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының негізінде сақтандырушылардан алынуға жататын (алынған) сақтандыру төлемдері түріндегі табыстар бойынша табыс салығын төлейді.

2. Осы Кодекстің 28-1-бабының 1-тармағында көрсетілгендерді және сақтандыру төлемдерін орналастырудан алынатын инвестициялық табысты қоспағанда, салық жылының ішінде алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша осы Заңның 51-бабында белгіленген тәртіппен аванстық төлемдер төленеді.

28-5. Табыс салығы бойынша декларация және есеп айырысу

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру төлемдері түріндегі табыстар бойынша тоқсан үшін есептелген табыс салығы бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей есептеме ұсынады.

2. Салық жылының қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары осы Заңның 49-бабында белгіленген мерзімде барлық табыстар бойынша декларациялар тапсыруға міндетті.

3. Табыс салығын түпкілікті есептеу және төлеу осы Заңның 52-бабында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі."

15. 30-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

1 6 . 3 4 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

8) тармақшадағы "негізгі құралдар бойынша" деген сөздер "негізгі құралдардың қаржылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдері; білім беру ұйымдары оқитындарға төлейтін мемлекеттік стипендиялар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерлеп стипендиялар; жалпы науқастануына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақыларды, пайдаланылмаған жыл сайынғы еңбек демалысы үшін өтемақыларды

, сондай-ақ жеке еңбек шартын бұзған кезде төленетін өтемақыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілетін жәрдемақылар, өтемақылар, әлеуметтік жеңілдіктер, атаулы әлеуметтік жәрдемақылар; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерге еңбек міндеттерін атқаруына байланысты денсаулығына келтірілген зиянмен не өзге де залалмен келтірілген зиянның орнын толтыру (жоғалтқан жалақысы бөлігіндегі орнын толтырудан басқа); сәтсіз оқиғаның нәтижесінде немесе олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі қызметкердің өміріне және денсаулығына міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру өтемінің сомасы;";

б) тармақшаның екінші сөйлемі алынып тасталсын;

7) тармақшадағы ", сондай-ақ мемлекеттік (ұлттық) лотерея бойынша ұтыстар" деген сөздер алынып тасталсын;

7 және 9-тармақтар алынып тасталсын.

17. 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"43-бап. Негізгі құралдардың қаржылық лизингі

1. Лизинг беруші лизинг алушыға амортизацияға жататын негізгі құралдарды беруі, егер ол мынадай шарттарға жауап берсе:

1) негізгі құралдарды лизинг алушының меншігіне беру немесе лизинг алушыға тіркелген баға бойынша негізгі құралдарды сатып алу бойынша құқық беру лизинг шартымен анықталса;

2) қаржылық лизингтің мерзімі негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімінің 80 пайызынан асып түссе қаржылық лизинг болып табылады.

Қаржылық лизингке (қаржылық лизинг бойынша) берілген (алынған) негізгі құралдардың құны лизинг шартын жасасқан сәтте анықталады.

Салық салу мақсатында мұндай мәміле лизинг алушының негізгі құралдарды сатып алуы ретінде қаралады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін қаржылық лизингтің мерзімі лизинг алушы шартқа сәйкес қаржылық лизингті ұзартуға құқығы бар қосымша мерзімді қамтиды."

18. 49 - бапта :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "500" деген сандар "2000" деген сандармен ауыстырылсын;

6-1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығына жатпайтын өнімді, өзі өндірімеген өнімді, акцизделетін өнімді және оларды қайта өңдеу өнімдерін сатудан кірісі бар бірыңғай жер салығын төлеушілер бөлек есеп жүргізуге және олар бойынша табыс салығын есептеуді және төлеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ жиынтық жылдық табыс және осы бөлімге сәйкес жүргізілген шегерімдер туралы декларацияны көрсетуге міндетті."

19. 50 - бапта :

4-тармақтың 3-1) тармақшасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекемелер және (немесе) Қазақстан Республикасының резиденттері салық жылында төленбеген қазақстандық көзден алынған кірістерді шегерімдерге жатқызған кезде төлем көзінен ұсталған салықты жиынтық жылдық табыс және салық жылындағы жүргізілген шегерімдер туралы декларацияны берген күннен бастап 10 күн өткен соң осы баптың 1-тармағына сәйкес, бірақ есептіден кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей аударуға м і н д е т т і . "

20. 54-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзі шығаратын ауылшаруашылық өнімдерін және оларды қайта өңдеуден алынатын өнімдерді сатудан түсетін айналымдар жөніндегі бірыңғай жер салығын төлеушілер қосылған құнға салынатын салық төлеушілер болып табылмайды.

Ауылшаруашылыққа жатпайтын өнімдерді және өзі шығармаған өнімдерді, акцизделетін өнімді сатудан түсетін айналымдар жөніндегі, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін сатудан түсетін айналымдар жөніндегі бірыңғай жер салығын төлеушілер осы Заңға сәйкес қосылған құнға салынатын салықты есептеуді және төлеуді жүзеге асырады . "

21. 56-8-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

22. 57-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

"27) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде қайтарымсыз негізде мемлекеттік кәсіпорынға берген негізгі құралдарды сату жөніндегі мемлекеттік кәсіпорындардың айналымдары . " ;

23. 65-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "қосылған құнға салынатын салық сомасы бөлек көрсетілетін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының нормативтік және құқықтық кесімдерімен анықталған нысандар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын .

24. 69-баптың 1-тармағының екінші абзацы "салық төлеушілерге" деген сөздерден кейін "(осы Заңның 138-2, 138-3 және 138-4-бағыттарына сәйкес салық салудың оңайлатылған режимін қолданатындарды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын .

25. 73-баптың 1-тармағының екінші абзацындағы "салық төлеушінің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізу жүзеге асырылған айдағы" деген сөздер "осы Заңның 64-бабына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. 75-баптың 3-тармағындағы "тауарларды өндіретін" деген сөздердің алдынан ", бензиннің (авиациялықты қоспағанда), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын.

27. 76-баптың 2-тармағындағы "маркаларымен" деген сөз "және есептеп-бақылау маркаларымен" деген сөздермен толықтырылсын.

28. 80-баптың 1-тармағындағы "15)" деген сан алынып тасталсын.

2) тармақша "пайдаланылмаған" деген сөздің алдынан "жеке еңбек шарты бұзылған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

3), 4), 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке еңбек шарты бұзылған кезде, ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, қызметкерлердің саны немесе штаты қысқарған жағдайда, қызметкер әскери қызметке шақырылған кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орташа айлық жалақы мөлшерінде төленетін өтемақыға;

4) геологиялық-барлау топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен айналысатын қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшердегі далалық үлесіне;

5) вахталық әдіспен жұмыстарды немесе жылжымалы сипатқа байланысты жұмыстарды орындайтын қызметкерлердің жалақысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшердегі үстемелерге;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерге олардың еңбек міндеттерін атқаруға байланысты жарақаттануына не өзге де денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыруға (жоғалған жалақысының бөлігінің орнын толтырудан басқа);"

11), 12), 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) ұйыммен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан не көшкен кезде жүріп-тұрғаны, мүлікті алып өткені және үй-жайды жалдау бойынша құжаттық расталған шығыстардың өтемақысына;

12) жалпы науқастануына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша, жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар және ұл немесе қыз асырап алған әйелдерге (ерлерге) әлеуметтік жәрдемақыларға;

13) Қазақстан Республикасының экологиялық апаттың немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зиян шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңдарына сәйкес азаматтарға берілген төлемдерге;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтерінің және халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілетін гранттардың қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдерге;"

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі берген мемлекеттік сыйлықтар, стипендиялар."

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың" деген сөздер "қызметкерлердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "35" деген сан "20" деген санмен ауыстырылсын;

6 - тармақ алынып тасталсын.

3 1 . 1 0 8 - б а п т а :

2 және 3-тармақтардағы "Салық ставкасы, теңгемен" деген сөздер

"Салықтың базалық ставкасы, теңгемен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "салық ставкасы" деген сөздер "салықтың базалық ставкасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

32. 112-бапта:

1-тармақтағы "салық ставкасы" деген сөздер "салықтың базалық ставкасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "салық ставкасы" деген сөздер "салықтың базалық ставкасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы:

"ставкалары" деген сөздің алдынан "базалық" деген сөзбен толықтырылсын;

"автотұрақтарға" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Елді мекендердің жерлеріндегі автотұрақтарға бөлінген тұрғын үй емес құрылыстар, ғимараттар, оларды ұстауға қажетті учаскелер, сондай-ақ объектілердің санитарлық қорғаушы аймақтары осы баптың 1-тармағында көзделген техникалық және басқа да аймақтар алып жатқан жерлердің базалық ставкасы бойынша 2-ден бастап он есе ұлғайтылған салық салынады. Ставкаларды ұлғайтудың нақты мөлшерін жергілікті өкілді органдар

белгілейді."

33. 113-бапта:

3-тармақтағы "ставкалар" деген сөздің алдынан "базалық" деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақтағы "ставкасын" деген сөздің алдынан "базалық" деген сөзбен толықтырылсын:

34. 114-бапта:

1-тармақтағы "Салық ставкасы, теңгемен" деген сөздер "Салықтың базалық ставкасы, теңгемен" деген сөздермен ауыстырылсын;

35. 115-бапта "салық ставкасын" деген сөздер "салықтың базалық ставкасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

36. 123-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алынып тасталсын.

37. 125-1, 125-2, 125-3-баптардағы "Жеке меншігінде немесе" деген сөздер алынып тасталсын.

38. 125-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"125-4. Салықты есептеу төлеу және декларацияны тапсыру тәртібі

1. Бірыңғай жер салығын төлеушілер жерді пайдалану құқығындағы жер учаскесінің бағалау құнын және салық ставкасын ескере отырып есептейді.

2. Бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджетке - ағымдағы есепті кезеңнің 20 қазанынан және келесі есепті жылдың 20 наурызынан кешіктірілмей жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер төлемнің бірінші мерзімінде ағымдағы есепті кезеңде есептелген бірыңғай жер салығы жалпы сомасының кемі 1/2 бөлігін төлейді. 20 қазаннан кейін құрылған бірыңғай жер салығын төлеушілер ағымдағы есепті кезең үшін төлеуге жататын салықтың жалпы сомасын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде енгізеді.

Декларация бойынша бірыңғай жер салығының қалдық сомасын төлеу есептіден кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде жүргізіледі.

3. Салық төлеушілер жер учаскесінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органдарына есепті кезең үшін бірыңғай жер салығы бойынша декларацияны есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

Ағымдағы есепті кезеңге арналған тиісті құжаттармен бірге салық сомасының есеп айырысуы, сол сияқты ағымдағы жылдың 15 наурызынан кешіктірілмей ұсынылады.

Декларациялардың және салық сомасының есеп айырысуының нысандарын, оларды толтырудың тәртібін, сондай-ақ салық сомасының есеп айырысуымен ұсынылатын тиісті құжаттардың тізбесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

Қайта құрылған салық төлеушілер жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу кезінде ағымдағы есепті кезеңге арналған қосымшаларымен бірге салық бойынша есептемені ұсынады.

Салық төлеушілер қызметі тоқтаған кезде 15 күндік мерзімде бірыңғай жер салығын төлеу бойынша декларацияны қызметтің тоқтатылғаны туралы шешім қабылданған сәттен бастап жер учаскесі орналасқан жері бойынша аумақтық салық органына ұсынады.

4. Жер учаскесін екінші жер пайдаланушыға беру кезінде салық төлеушілер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен бірыңғай жер салығын есептейді және төлейді.

5. Салық төлеушілер бірыңғай жер салығын жерді пайдалану құқығында жер учаскесіне иелік етудің іс жүзіндегі кезеңі үшін есептейді және төлейді (салық салу

объектісінің өзгерістерін ескере отырып).".

39. 138-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәмілені жасау кезінде қолданылатын рыноктық бағалардың ауытқуы кезінде салық қызметі органдары салық салу объектілерін трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы заңнамаларға сәйкес түзетеді.";

екінші, үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын.

40. 138-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"138-1-бап. Салық салудың оңайлатылған режимі

1. Салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін патент және оңайлатылған декларация негізінде салықтарды есептеудің және төлеудің ерекше тәртібін көздейтін салық салудың оңайлатылған режимі белгіленеді.

2. Салық төлеушілерге осы Заңның 138-2, 138-3, 138-4-баптарында көрсетілген тиісті жағдайлармен (құмар ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруды қоспағанда) жалпы белгіленген тәртіпте немесе салық салудың оңайлатылған режимінде салықтарды есептеудің және төлеудің тәртібін таңдауға құқық беріледі.

Құмар ойын бизнесі саласында қызметтерін жүзеге асыратын салық төлеушілер бюджетпен есеп айырысуды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен патент негізінде жүзеге асырады.

3. Салық төлеудің оңайлатылған режимдерін қолдану үшін белгіленген шарттар сақталмаған кезде, оның ішінде жалған деректер бергені үшін салық төлеуші Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.".

41. Мынадай мазмұндағы 138-2, 138-3, 138-4-баптармен толықтырылсын:

"138-2-бап. Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимі

1. Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимі негізінен қолма-қол ақшамен жұмыс істейтін және тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді іске асыру бойынша шектеулі айналымы, сондай-ақ жұмыспен қамтылған қызметкерлердің шектеулі саны бар жеке және заңды тұлғаларға қолданады.

Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдану шарттары, салықтарды есептеудің және төлеу мерзімінің тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

Патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдануға мүмкіндік жағдайлар туындаған жағдайда салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде салық төлеудің оңайлатылған режиміне не салық есептеудің және төлеудің жалпы белгіленген тәртібіне көшеді.

Осы баптың ережелері 138-3-баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайды.

138-3-бап. Заңды тұлғалар - ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимі

1. Осы бапта көзделген салық салудың оңайлатылған режимін мынадай заңды тұлғалар қолданады:

1) жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және өзі өндірген ауылшаруашылық өнімдерді сататын;

2) осы өнімнің өзіндік өндірген өнімдерін ұқсататын және сататын, толық циклмен (төлді өсіруден бастап) мал шаруашылығының және құс шаруашылығының (оның ішінде асыл тұқымды), омарташылықтың ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін заңды тұлғаларға қолданылады.

Салық салудың оңайлатылған режимін патент негізінде: филиалдары мен өкілдіктері бар, тәуелді (оның ішінде еншілес) ұйымдары бар заңды тұлғалардың қолдануға құқығы жоқ.

2. Патент бойынша салық салудың оңайлатылған режимі негізінде салықтарды есептеу және төлеу үшін салық төлеуші жер учаскесінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан және тәртіп бойынша өтініштер мен құжаттарды ағымдағы салық жылының 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

Көрсетілген мерзімде өтінішті тапсырмаған салық төлеуші оның келісімімен салықтарды жалпы белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

Салық жылының басында таңдап алынған оңайлатылған режимді қоса алғанда, салықтарды есептеу мен төлеудің тәртібі салық жылының ішінде өзгертілуге жатпайды.

3. Патенттің құнына заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, әлеуметтік салық, жер салығы, мүлікке салынатын салық, көлік құралдарына салынатын салық қосылады.

Патент құнын есептеу кезінде бюджетке төлеуге жататын салық сомасы 80 процентке кемітіледі.

Патент құнын есептеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді.

4. Патент құнының есептемесіне енгізілген салықтарды төлеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен мынадай үш мерзімде:

1) ағымдағы салық жылының 20 мамырынан кешіктірмей;

2) ағымдағы салық жылының 20 қазанынан кешіктірмей;

3) есепіден кейінгі салық жылының 20 наурызынан кешіктірмей жүргізіледі.

Патент құнына енгізілген салықтар бойынша салық төлеушілер декларация

ұ с ы н у д а н

б о с а т ы л а д ы .

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызметтердің түрлерін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде акцизделетін өнімдерді өндіру және/немесе ұқсату кезінде салық төлеушілер табыстардың және шығыстардың (жалақы төлемдерін қоса алғанда), мүліктің (оның ішінде көлік құралдары және жер учаскелері) бөлек есебін жүргізуге және жалпы белгіленген тәртіппен қызметтердің мынадай түрлері бойынша тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төленетін төлемдерді есептеуді және төлеуді жүргізеді.

138-4-бап. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі

1. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын бұдан әрі - табыс салығы) есептеудің және төлеудің және төлем көзінен ұсталатын табыс салығын қоспағанда әлеуметтік салықтың оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Осы тармақта көрсетілмеген, салықтарды және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимінде бюджетпен есеп айырысу үшін есептеме кезеңі тоқсан болып табылады.

3. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі егер осы бапта өзгелер көзделмесе салық төлеуші мынадай шарттарға сәйкес қолданады:

1) заңды тұлғалар құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін:

кәсіпкердің өзін қоса алғанда есепті кезеңдегі қызметкерлердің болжанып отырған орташа тізімдік саны 25 адамнан аспайды;
кәсіпкерлік қызметтің 7-ден артық емес түрін жүзеге асырады;
есептік кезеңдегі болжамданған табыс 4500,0 мың теңгеден аспайды;

2) заңды тұлғалар үшін:

есептік кезеңдегі қызметкерлердің болжанып отырған орташа тізімдік саны 25 адамнан аспайды;
кәсіпкерлік қызметтің 7-ден артық емес түрін жүзеге асырады;
есептік кезеңдегі болжамданған табыс 9000,0 мың теңгеден аспайды.

4. Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі қызметтердің мынадай түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды:

- 1) акцизделетін өнімдерді шығару;
- 2) консультациялық, қаржылық, бухгалтерлік қызмет көрсетулерін;
- 3) мұнай өнімдерін сату;
- 4) шыны ыдыстарын жинау және қабылдау;
- 5) жер қойнауын пайдалану;
- 6) құмар ойындары бизнесі;
- 7) лицензияланатын, мыналарды қоспағанда:
медициналық, дәрігерлік және малдәрігерлік;
тұрғын үй коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газдандыру бойынша өндірістік, құрылыс және құрылыс жұмыстары;
күзет, өрт дабыл және өртке қарсы автоматтық құралдарын жобалау, монтаждау, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
өртке қарсы техникаларды, жабдықтарды және өрттен қорғау құралдарын шығару және сату;
жолаушылар лифтілерін монтаждау, жөндеу және қызмет көрсету;

дезинфекациялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін әзірлеу, өндіру, ұқсату және көтерме сату;
жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау;
емдеу препараттарын әзірлеу және/немесе сату;
жобалау, іздеу, сараптау, құрылыс-монтаж жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдарды және конструкцияларды өндіру бойынша жұмыстар;
алкогольдік өнімдерді бөлшек саудада сату.

5. Осы баптың 3-тармағында белгіленген шарттарға қарамастан салық салудың осы жеңілдетілген режимін:

- 1) филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер;
- 2) салық төлеушілердің филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелері;
- 3) заңды тұлғалардың еншілес ұйымдары және тәуелді акционерлік қоғамдар;
- 4) бірыңғай жер салығын төлеушілер және осы Заңның 138-3-бабының 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілердің қолдануға құқығы жоқ.

6. Салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін таңдау кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген мерзімдерде және нысан бойынша жергілікті жері бойынша есепке қою үшін өтінішті аумақтық салық органына тапсырады.

Салықтарды есептеу мен төлеудің таңдап алынған тәртібі осы баптың 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық жылының ішінде өзгертілуге ж а т п а й д ы .

7. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша салық төлеуші аумақтық салық органына оңайлатылған декларацияны есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін тапсырады.

8. Есепті кезең үшін жеңілдетілген декларация бойынша төлеуге жататын табыс және әлеуметтік салықтың сомасы (бұдан әрі - салық) салық салу объектісіне осы баптың 10-бабымен белгіленген ставканы қолдану арқылы айқындалады.

Төлем көзінен салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар бар болған жағдайда бұрын салық салынған табыстарды қоспағанда Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде алынған (алынуға жататын) табыстарды қамтитын есепті кезеңде алынған (алынуға жататын) табыс салық салу объектісі болып табылады.

Оңайлатылған декларация бойынша төлеуге жататын салық сомасын салық

төлеуші қызметкерлердің орташа тізімдік санына негіздей отырып әрбір қызметкер үшін салық сомасының 1,5 проценті мөлшеріндегі сомаға кемітеді.

9. Осы баптың 8-тармағына сәйкес есептелген жеңілдетілген декларация бойынша салықтың сомасы табыс және әлеуметтік салықтарға арналған тең үлесте бөлінеді және есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей бюджетке төлеуге жатады.

10. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың табыстары мынадай ставкалар бойынша салық салуға жатады:

Тоқсандағы табыстың мөлшері	!	Салық ставкасы
1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда		Табыстардың сомасынан 4 процент
3000,0 мың теңге бойынша 1500,0 мың теңгеден жоғары	1500,0 мың теңгеден артатын	60,0 мың теңге + табыс сомасынан 7 процент
4500,0 мың теңге бойынша 3000,0 мың теңгеден жоғары	3000,0 мың теңгеден артатын	165,0 мың теңге + табыс сомасынан 11 процент

Заңды тұлғалардың табысы мынадай ставкалар бойынша салық салынуға жатады:

Тоқсандағы табыстың мөлшері	!	Салық ставкасы
1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда		Табыстардың сомасынан 5 процент
3000,0 мың теңге бойынша 1500,0 мың теңгеден жоғары	1500,0 мың теңге + табыс сомасынан 7 процент	75,0
4500,0 мың теңге бойынша 3000,0 мың теңгеден жоғары	3000,0 мың теңге + табыс сомасынан 9 процент	180,0
4500,0 мың теңге бойынша 6500,0 мың теңгеден жоғары	4500,0 мың теңге + табыс сомасынан 11 процент	315,0
6500,0 мың теңге бойынша 9000 мың теңгеден жоғары	6500,0 мың теңге + табыс сомасынан 13 процент	535,0

11. Осы баптың 3-5-тармақтарында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда, салық төлеуші есептіден кейінгі тоқсаннан бастап жалақы белгіленген салықтарды есептеу және төлеу тәртібіне көшеді.

12. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген шарттар өзгерген кезде (көрсеткіштердің артуы) заңды тұлға ретінде тиісті тіркеуден кейін оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қабылдауға құқылы."

42. 142-баптың мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітсін тізбе бойынша салық төлеуші электрондық құжат түріндегі аппаратты Қазақстан Республикасының нормативтік және құқықтық кесімдерімен анықталған нысандар бойынша ұсынуға міндеттенеді."

4 3 . 1 5 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "70-баптың үшінші тармағындағы" сөзі "71-1-баптағы 1-тармақтағы" с ө з і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

тақырыптағы "ағымдағы" деген сөзден кейін "және аванстық" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Бір жылғы іс жүзінде есептелген табыс салығының сомасы бір жылдың ішінде енгізілген аванстық төлемдер сомасынан 10 проценттен жоғары мөлшерден асқан жағдайда салық төлеушіге салық салынатын табыстың 2 проценті мөлшерінде, 25 проценттен асқан кезде салық салынатын табыстың 5 проценті мөлшерінде айыппұл салынады .

Бұл ретте, егер бір жылғы іс жүзінде есептелген табыс салығының асқан сомасы жыл ішінде есептелген аванстық төлем сомасынан бюджетке кемтөлемге ұшыратса айыппұл санкциялары қолданылады."

45. 164-баптағы "ресми ставкасы" деген сөздердің алдынан "1,5 есе" деген сөздермен толықтырылсын .

1-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы "түсініктемелер алуға" деген сөздерден кейін ", бақылаудың басқа да нысандарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен акциздік бекеттер құру жолымен жүзеге асыруға" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте жүргізілген бақылауларды қоса алғанда, жүзеге асырылған бақылау салық төлеушілердің ағымдағы қызметін тоқтатуға ықпал етпеуі тиіс;"

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "анықталған тәртіп бұзушылықтар жойылғанға дейін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша салық төлеушілер электрондық құжат түріндегі ақпараттарды Қазақстан Республикасының нормативтік және құқықтық кесімдерімен анықталған нысандар бойынша ұсынуға міндеттенеді" деген сөздермен толықтырылсын.

47. 175-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Салық төлеушілердің бюджетпен өзара есеп айырысуларының жалпы сомасы туралы мәлімет құпия болып табылмайды."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 5-тармағының төртінші абзацын, 22, 44-тармақтарын, 46-тармақтың екінші, үшінші және төртінші абзацтарын және 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 43-тармағын қоспағанда, 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК